

**DEXP**

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰҚАУЛЫҒЫ

# ТД-ға арналған кронштейн-тірек

## DEXP T1028B

### Құрылғының тағайындалуы

Кронштейн-тірек 37'' бастап 70'' дейінгі диагоналды теледидардың кез келген моделін орнатуға арналған.

### Сақтық шаралары

- Максималды рұқсат етілген салмақтан асырмаңыз.
- Кронштейн-тіректі қыздырғыш және жылыту аспаптарына тікелей жақын пайдалану кезінде оның беті қолдану кезінде қызудан қорғалуы тиіс. Жиһаз элементтерін жылыту температурасы +40 °С-тан аспауы керек.
- Кронштейн-тіректі ашық оттың жанында орнатпаңыз.
- Жиһаз өнімдерін пайдалану кезінде еденге тиетін жиһаз бұйымдарының элементтеріне су мен басқа сұйықтықтардың түсуін болдырмау қажет.

### Техникалық сипаттамалар

- Моделі: T1028B.
- Аппаратураға арналған кронштейннің бар болуы: бар.
- Кронштейнге максималды жүктеме: 50 кг.
- VESA өлшемі: 200 x 200, 300 x 300, 400 x 200, 400 x 400, 600 x 400.
- Минималды биіктігі: 1643 мм.
- Максималды биіктігі: 1803 мм.
- Экранның минималды диагоналы: 37''.
- Экранның максималды диагоналы: 70''.
- Көлбеу бұрышы:  $\pm 10^\circ$ .
- Бұрылыс бұрышы 360°.
- Биіктікті реттеу: бар.
- Дөңгелекшелердің бар болуы: бар.

# Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары

- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларындағы қаптамада ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын кезде жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты қарауды талап етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған кезде авторизацияланған қызмет көрсету орталығына дереу жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.
- Осы бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, Сіз қоршаған ортаға және адам денсаулығына қалдықтарды бақылаусыз шығару нәтижесінде ықтимал зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

## Қосымша ақпарат

**Дайындаушы:** Люми Ледженд Корпорейшн.

22/Ғ, 1-ғимарат, Лисы Плаза, Хуэйфэн шығыс тас жолы, Нинбо қ., Қытай.  
Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар «Жиназ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» КО ТР 025/2012 Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Ғаламтордағы мекенжайы: [www.dexp.club](http://www.dexp.club)

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.



## Кепілдік туралы ақпарат









Өндіруші құрылғының барлық кепілді мерзім ішінде үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдары мен құрастыруында ақаулар жоқ екеніне кепілдік береді. Кепілдікті кезең бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланған жағдайда, кепілді мерзім ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерін тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүзеге асырылады.




Кепілдік мерзімі: 12 ай.


Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Мекенжай бойынша қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі:  
<http://www.dns-shop.ru/technical-support/>.

# Құрастыру







[www.dexp.club](http://www.dexp.club)